

## Орта мерзімді кезеңге (2013 - 2015 жылдарға) арналған концессияға беруге ұсынылатын объектілердің тізбесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 31 желтоқсандағы № 1518 қаулысы «Концессиялар туралы» 2006 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған орта мерзімді кезеңге (2013 – 2015 жылдарға) арналған концессияға беруге ұсынылатын объектілердің тізбесі бекітілсін.
2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*  
*С. Ахметов*

*Премьер-Министрі*

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы  
Ү к і м е т і н і ң  
2 0 1 3                      ж ы л ғ ы                      3 1                      ж е л т о қ с а н д а ғ ы  
№                      1 5 1 8                      қ а у л ы с ы м е н  
бекітілген

## Орта мерзімді кезеңге (2013 – 2015 жылдарға) арналған концессияға беруге ұсынылатын объектілердің тізбесі

| Р/с № | Атауы   | Конкурсты ұйымдастырушы                                    |
|-------|---|--|
| 1     | 2   | 3  |
| 1.    | Жақсартылуы және пайдаланылуы концессия шарты негізінде жүзеге асырылатын жұмыс істеп тұрған мемлекеттік меншік объектілері |  |
| 2.    | Салынуы және пайдаланылуы концессия шарттары негізінде жүзеге асырылатын объектілер   |  |
| 1.    | «Үлкен Алматы айналма автомобиль жолы» (ҰАААЖ) автомобиль жолын салу және пайдалану   | Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі |
| 2.    | Теміртау қаласында балабақшалар кешенін салу және пайдалану   | Қарағанды облысының әкімдігі                               |
| 3.    | «Маңғыстау (Тамақ) станциясы» теміржол вокзалын салу  | Маңғыстау облысының әкімдігі                               |
| 4.    | Ақтау қаласында автовокзал салу   | Маңғыстау облысының әкімдігі                               |